

иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне; жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.";

3-тармақ мына мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Жыл ішінде қайта өтініш беру барысында, егер бұрын ұсынған құжаттарда өзгерістер болмаса, онда деректемелер осы құжаттар түпнұсқаларының негізінде көшermелерді көрсетусіз нақтыланады.";

4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттар беру сәтінен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

13-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Азаматтың (отбасының) жиынтық табысы уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда, қолданыстағы заңнамамен анықталатын тәртібінде есептеледі.";

22-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"22. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімнің негізінде тұрғын үй көмегін алушылардың банктік шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А л т ы н ш ы , к е з е к т і
сессиясының төрайымы М. Кожушко

хатшысы А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы н
С. Жолдыбаев

КЕЛІСІЛДІ:

" Т а р а н а у д а н ы
ә к і м д і г і н і ң ж ұ м ы с п е н
қ а м т у ж ә н е ә л е у м е т т і к
б а ғ д а р л а м а л а р
б ө л і м і " м е м л е к е т т і к
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы

_____ Л. Өтешева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК